

## **ӨЗГЕ ДЕ КӨПЖАҚТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРҒА ҚАТЫСУ**

ДЗМУ әкімшілік ететін халықаралық келісімдерге қатысудан бөлек, Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік авторлық құқықтар туралы конвенция (Женева, 1952) және Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімге (TRIPS) (Марракеш, 1994) қатысушы мемлекет болып табылады.

**Дүниежүзілік авторлық құқықтар туралы конвенцияға 1952 жылы Женевада қол қойылды**, 1971 жылы шілдеде Парижде Конвенцияны қайта қарау жөніндегі конференция өтті, онда оның жаңа (Париждік) редакциясы қабылданды.

КСРО Конвенцияның Женева нұсқасына 1973 жылы 27 мамырда қосылды.

Дүниежүзілік авторлық құқықтар туралы конвенция (Женева, 1952) Қазақстан Республикасында халықаралық міндеттемелер мен бұрынғы КСРО шарттарының құқықтық мирасқорлығы тәртібімен қолданылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 16 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің 1-бабында: «Қатысушы мемлекеттер өз аумақтарында бұрынғы КСР Одағының Дүниежүзілік авторлық құқықтар туралы конвенцияға (1952 жылғы редакциясында) қатысуынан туындайтын халықаралық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді деп көрсетілген. Аталған Конвенцияның бұрынғы КСР Одағы үшін күшіне ену күні (1973 жылғы 27 мамыр) әрбір қатысушы мемлекет өзін оның ережелерімен байланысты деп санайтын күн болып табылады. Әрбір қатысушы мемлекет бұл туралы Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының (ЮНЕСКО) Бас директорына қажетті өтініш жібереді».

1992 жылғы 6 тамызда ЮНЕСКО-ның Бас директоры Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінен 1992 жылғы 16 шілдемен белгіленген хат алды. Бұл хатта 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы декларациясына сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер шарттардан туындайтын және бұрынғы КСРО-мен жасасқан келісімдер мен шарттардан туындайтын халықаралық міндеттемелерді (Конституциялық рәсімдер негізінде) орындауға міндеттенеді деген хабарлама жазылған.

Дүниежүзілік авторлық құқықтар туралы конвенция оған көптеген мемлекеттердің, соның ішінде қандай да бір себептермен Берн конвенциясында көзделген авторлық құқықтарды қорғау деңгейін қамтамасыз ете алмайтын мемлекеттердің қосылуы мақсатында әзірленіп, қабылданды. Сондықтан ол Берн конвенциясымен салыстырғанда авторлық құқықты қорғаудың төменгі деңгейін қамтамасыз етеді.

Конвенцияның III бабының 1-тармағына сәйкес ішкі заңнамасы бойынша авторлық құқықты қорғаудың міндетті шарты даналарды депозитке салу, тіркеу, авторлық құқықты қорғау туралы ескертпе, нотариалдық куәліктер, алымдарды төлеу, осы мемлекеттің аумағында туындының даналарын дайындау немесе жарыққа шығару сияқты ресмилікті сақтау болып табылатын кез келген уағдаласушы мемлекет осы талаптарды ескеруге тиіс. Конвенция негізінде қорғалатын барлық туындыларға қатысты орындалған талаптар, осы мемлекеттің аумағынан тыс жерде алғаш рет жарыққа шыққан және авторлары оның азаматтары болып табылмайтын авторлар, егер осы туындылардың бірінші шығарылымынан бастап олардың авторының немесе оның құқықтарының кез келген басқа да иесінің рұқсатымен шығарылған барлық даналары авторлық құқық иесінің аты мен бірінші шығарылым жылы көрсетілген белгіні (шеңбердегі С әрпі) тағатын болса, бұл белгі, аты және шығарылған жылы авторлық құқықтың сақталатындығын нақты көрсететін тәсілмен және сол жерде орналастырылуы керек.

IV баптың 2-тармағына сәйкес Конвенцияның күші қолданылатын туындыларды қорғау мерзімі автордың өмір сүру уақытын және ол қайтыс болғаннан кейінгі жиырма бес жылды қамтитын кезеңнен қысқа болмайды.

Конвенцияның XIX бабына сәйкес ол бірнеше немесе екі уағдаласушы мемлекеттер арасында қолданылатын конвенцияның және авторлық құқық жөніндегі көпжақты және

екіжақты келісімдердің күшін жоймайды. Осы конвенциялардың бірінің немесе осы келісімдердің бірінің қаулылары мен Конвенцияның қаулылары арасында алшақтық болған жағдайда Конвенцияның қаулылары басымдыққа ие болады.

**Зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері туралы келісім – TRIPS** Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісімге тіркелген 1С-қосымшасы болып табылады (Марракеш, 1994).

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі Марракеш келісіміне қосылуы туралы хаттама Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қазандағы № 356-V Заңымен ратификацияланған. ДСҰ-ның реттеуші кешеніне зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық нормаларды енгізу халықаралық сауданың зияткерлік меншік объектілерімен тығыз байланысты болуына қатысты.

TRIPS келісімі ДСҰ-ға мүше мемлекеттер үшін зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін реттейтін негізгі келісім болып табылады. TRIPS келісімі іс жүзінде қолданыстағы өзге көпжақты халықаралық келісімдерге, оның ішінде Париж конвенциясының, Берн конвенциясының, Рим Конвенциясының нормаларына, Интегралдық микросхемаларға қатысты зияткерлік меншік туралы шарттың нормаларына жасалған сілтемелерді қоса алғанда, зияткерлік меншікті қорғау саласындағы қолданыстағы халықаралық реттеу нормаларын инкорпорациялайды (2-бап).

TRIPS келісімі кешенді сипатқа ие. Ол зияткерлік меншікті жаһандық қорғауға негізделген негізгі ережелер мен қағидаттарды, оның әр объектісіне қатысты стандарттарды, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің құқықтық жүйелері сәйкес келуі керек зияткерлік меншікті тиімді қорғау саласындағы талаптарды белгілейді.

TRIPS келісімінің ережелері міндетті түрде күзетуге және құқықтық қорғауға тиіс айрықша құқықтардың түрлерін (авторлық құқықтар, сабақтас құқықтар, тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, өнеркәсіптік үлгілер, патенттер, интегралдық микросхемалар топологиялары, жабық ақпарат) айқындайды. Алайда бұл толық тізім емес. Өйткені құжат басқа халықаралық келісімдердің нормаларын инкорпорациялады, оған сәйкес зияткерлік меншіктің басқа түрлері қорғалатын санатқа кіруі мүмкін.

Зияткерлік меншікті қорғаудың негізгі қағидаты ретінде TRIPS келісімі ДСҰ-ға мүше мемлекеттерді басқа мүше мемлекеттердің азаматтарына зияткерлік меншікті қорғауға қатысты өз азаматтарына беретін режимді ұсынуға міндеттейтін ұлттық режим қағидатын жариялайды. Алайда бұл жалпы ереже абсолютті болып табылмайды. Өйткені мемлекеттер халықаралық келісімдерде тікелей көзделген жағдайларда ұлттық режимнен шегінуі мүмкін (3-бап).

Келісімде шетелдіктер үшін зияткерлік меншікті қорғау мәселелерінде әкімшілік немесе сот рәсімдерінің ерекшеліктері бөлігінде сараланған реттеуге жол беріледі. Бұл ретте ДСҰ-ға мүше мемлекеттер ДСҰ-ның басқа мүшелерімен қатынастарда неғұрлым қолайлы болу қағидатын ұстануға тиіс (4-бап).

TRIPS келісімі зияткерлік меншікті қорғау мәселелерінде қоғамдық және жеке мүдделердің теңгерімі қағидатын сақтау қажеттілігін көрсетеді. Мысалы, Келісімге сәйкес «зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және олардың сақталуын қамтамасыз ету әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатқа және құқықтар мен міндеттемелердің теңгеріміне қол жеткізуге ықпал ете отырып, техникалық білімді өндірушілер мен пайдаланушылардың өзара пайдасы үшін техникалық прогреске және технологияның берілуі мен таралуына жәрдемдесуге тиіс» (7-бап). 8-бапта осы саладағы қоғамдық мүдделер жеке мүдделерден басым болуы мүмкін негізгі жағдайлар көрсетілген. Келесі бөлімдер (оның ішінде 13, 30, 40-баптар) зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды теңдестіруге мүмкіндік беретін ережелерді нақтылайды.

Айта кетерлік жәйт, қауіпсіздік түсінігі бойынша алып тастауға арналған 73-бапта ұлттық қауіпсіздік түсінігі зияткерлік меншікті қорғау мүдделерінен басым болады және бұл жағдайда ДСҰ мүшелері TRIPS келісімі бойынша өз міндеттемелерінен бас тарта алады.

Мемлекеттер зияткерлік меншік құқықтарының түгесілу қағидатына қатысты бірыңғай халықаралық стандартты келісе алмағандықтан, 6-баптан бұл мәселе шешілгендер қатарына жатпайтындығы және мемлекеттер өздерінің ұлттық-құқықтық жүйелерінде қандай құқықтар түгесілу қағидатын ұстанатындығына қатысты үлкен еркіндікке ие екендігі туындайды.

TRIPS келісімі алғаш рет ДСҰ-ға мүше елдердің құқық қолдану және тиімді қорғау құралдары саласындағы құқықтық жүйелері жауап беруге тиіс жалпы қабылданған стандарттарды белгілейді. Мысалы, ұлттық заңнамада зияткерлік меншіктің тиісті құқықтарын жай ғана бекіту жеткіліксіз, зияткерлік меншікті құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын көздеу, сондай-ақ құқық қолдану органдарының тиісті жұмысын қамтамасыз ету қажет.

Жалпы алғанда, ұлттық құқықтық жүйелерге қойылатын талаптар TRIPS-тің осы бөлімінің 41-бабында көрсетілген. ДСҰ мүшелері өз заңнамасында зияткерлік меншік құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін, тиімді, барлығына тең және рәсімдік кепілдіктер тұрғысынан әділ болатын рәсімдердің болуын көздеуге тиіс. Бұл рәсімдер қолжетімділік тұрғысынан өте күрделі немесе қымбат болмауы керек және мерзімдердің негізсіз ұлғаюына немесе заңсыз кідірістерге әкелмеуі керек. Келісім зияткерлік меншікті қорғау туралы дауларда тараптар үшін ең аз процестік кепілдіктерді де қамтиды (шешімдер қисынды мерзімде қабылдануға, дәлелді болуға және тараптарға сөз сөйлеу мүмкіндігі берілген дәлелдемелерге ғана негізделуге тиіс; тараптардың да істің мәні бойынша түпкілікті әкімшілік және сот шешімдеріне шағым жасауға құқығы болуға тиіс).

TRIPS келісімінің ережелері мемлекеттердің өз аумағында зияткерлік меншікті оның талаптарымен салыстырғанда неғұрлым кең көлемде қорғауды ұсынуына тыйым салмайды (1-бап).

Зияткерлік меншікті реттеудің жалпы ережелерімен және базалық қағидаттарымен қатар, TRIPS келісімі зияткерлік меншіктің әрбір объектісі үшін «құқықтардың болуына, көлеміне және пайдаланылуына» қатысты құқықтық стандарттарды белгілейді (9-40-баптар).

2005 жылғы 6 желтоқсанда ДСҰ мүшелері бастапқыда 2003 жылы қабылданған патенттер және қоғамдық денсаулық сақтау туралы шешімді тұрақты ету үшін TRIPS Зияткерлік меншік келісіміне өзгертулер енгізді. Бұл шешім ДСҰ мүшелерінің үштен екісі TRIPS келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттама қабылданғаннан кейін Келісімге ресми түрде енгізілді. Түзетулер 2017 жылы 23 қаңтарда күшіне енді және түзетулерді қабылдаған мүшелер үшін 2003 жылғы алып тастауды алмастырды. Қазіргі уақытта Қазақстан бұл түзетулерді ратификациялау процесін қарастыруда. Өйткені Патент заңында мәжбүрлеп лицензиялау туралы ережелердің болуына байланысты мұндай өзгерістерді қабылдау ратификациялауды талап етеді.

Қазақстан Республикасы одан әрі зияткерлік меншікті басқарудың трансұлттық жүйесін қалыптастырудың халықаралық процестеріне қатысу деңгейін арттыруға бағытталған іс-қимылдарды жүзеге асырады.

Мысалы, Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық тіркеу туралы Гаага келісімінің Женева актісіне (1999) қосылу туралы ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Оған қатысу 70-тен астам елде өнеркәсіптік үлгілерді бір мезгілде қорғауды алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді, құқық иелеріне рәсімдер мен шығындардың ең аз мөлшерін орындай отырып, оларды басқа елдерде қорғауды алуға құқық береді. Женева актісіне қосылған елдер үшін сауда, экономикалық және қаржылық пайда, әкімшілік шығындарды үнемдеу артықшылық болып табылады.

Марракеш келісіміне зағиптар мен көру қабілеті бұзылған немесе басқа да мүмкіндігі шектеулі адамдардың жарияланған шығармаларға баспа ақпаратын қабылдауын жеңілдету туралы қосылу бойынша ұсыныстар дайындалды (Марракеш, 2013). Бұл халықаралық шарттың идеясы – қатысушы мемлекеттер өздерінің заңдарына осындай адамдар үшін қолжетімді форматтарда жарияланған туындыларды жаңғыртуға, таратуға және ұсынуға мүмкіндік беретін ережелерді енгізе отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың авторлық туындыларға қол жеткізуін заңнамалық түрде қамтамасыз етуге міндетті екендігінде.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Спутниктер арқылы берілетін бағдарламалардың алып жүретін сигналдарын тарату туралы Брюссель конвенциясына қосылуы жөнінде ұсыныстар әзірленуде (1974). Бұл ұсыныстарға сәйкес қатысушы елдер өз аумақтарында спутник арқылы берілетін және шетелдік хабар тарату ұйымдарының бағдарламаларын беретін санкцияланбаған сигналдарды ұстап алуға және таратуға жол бермеу үшін белгілі бір шаралар қолдануға міндетті.

Заңнаманы Өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенциямен (UPOV) (1961) үйлестіру жүзеге асырылуда. UPOV конвенциясына қосылу үшін мемлекет алдымен Конвенция қағидаттарына сәйкес өсімдік сорттарын қорғау туралы заңнаманы қабылдауы керек. Бұл – өсімдіктердің жаңа сорттарын қорғауды қамтамасыз ету, селекционерлердің мүдделерін қорғау үшін ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылығын, бау-бақша мен орман шаруашылығын дамытуды ынталандыру. Өсімдік сорттарын қорғау тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне, ауылшаруашылығын жүргізуді ұтымды етуге, қоршаған ортаны қорғауға оң әсер ету есебінен халықтың әл-ауқатына ықпал етеді.